

Бекітемін:

Мектеп директоры:

 Ж.Нұрымбет

Келісемін:

ДТІЖО:

 - М.Әділхан

Тақырыбы:

« Аналар асыл жандар! »

Мақсаты: 8- наурыз мейрамы туралы түсінік беру, анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру аналар туралы өлең шумақтарын оқуда мәнерлі, сауатты анық оқи алуға машықтандыру; оқушыны ізгілік, инабаттылық, силастық, адамгершілік сияқты қасиеттерге тәрбиелеу;

1-жүргізуші: Армысыздар аналар, ұстаздар! Міне жыл аралатып көктемнің алғашқы күндерімен келетін 8-наурыз халықаралық әйелдер күні де келіп жетті. Жер бетіндегі тіршіліктің өзегін келешекке жалғаған, өсер ұрпағына құндақтағы шағынан ізгіліктің дәнін еккен аналар мерекесі бұл.

2-жүргізуші:

Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,
Тәтті ұйқынды бөліп талай түн қатты.
Өміріме нәрін берді ақ сүтін
Кең құшағын аясындай гүл бақтың.
Ер жеткізіп, елге берген баласын.
Қайратыңнан қайта көрме, анашым.

Ән: «Илиғай»

1-жүргізуші:

Қазірет пайғамбарға бір адам келіп.

- Мен бір зор күнә істедім. Енді мен үшін тәубе ету мүмкін бе?
Сонда пайғамбар:
- Анаң бар ма? – деп сұрайды.
- Бар, - дейді әлгі адам.
- Онда анаң қызмет көрсет, деген екен пайғамбар. Олай болса шәкірттеріңнің аналар жайлы өлең жырларын, тыңдайық.

Құттықтау сөз: Мектебіміздің директоры Нұрымбет Жалғас ағайымызды және директрдың оқу ісінің меңгерушісі Қосбай Наурызбай сонымен қатар директрдың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әділхан Муса ағайларымызды ортаға шақырамыз.

2-жүргізуші:

Әзіл әуен көгімізде самғайды,
Көңілдерді қуанышка жалғайды.
Әрқашан ән мен, күй мен тербейік,
Өмірден алынған мысалдармен
Езу тартып біраз бір күлдірейік.

Алдарыңызда 11 сынып көңілді тапқырларын қарсы алайық.

1-жүргізуші:

Әлемнің жарығын сыйладың сен маған
Даланың әр гүлін жинадың сен маған
Тіршілікке нәр берген ана сүті қандай құдіретті.

Әлемдегі жақсылықтың бәрі адамдық қасиет, ақ тілек, мейірбандықтың бәрі «Ана» деген сөзбен астасып жатыр.

Ән: «Анаға хат» әнімен Тасберген Мағжанды ортаға шақырамыз.

2-жүргізуші:

Әркімнің де өмірден аласы бар,
Аласы бар адамның аласы бар
Мерекесін құттықтап аналардың
Ән жолдайтын апалардың баласы бар,
Мың бұралып билеген
Аруды кім сүймеген

Күміс көмей аруларға кімдер басын имеген – дей отырып
келесі кезекті биге берейік. 9- сынып ұлдарының « *флэшмоб* » биін қабыл
алыңыздар.

1-жүргізуші:

Аналар адамды бесігімен баулайды. Өмірдің ірге тасы
солардың қолымен қаланады. «Жәннат – аналардың
аяғының астында» деп, ислам діні әйелдерді ерекше
құрметтейді.

«Отбасы – шағын мемлекет» деген сөз бар. Ынтымағы
келіскен, түтіні түзу ұшқан әрбір шаңырақ мемлекеттің құт
берекесі.

Әйел- ана отбасы жылуын сақтаушы қоғамның ертеңгі
болашақ балаларды тәрбиелеуші.

2-жүргізуші:

Дүниедегі ең кемеңгер дананы

Ана табады, аялайды, бағады.

Сол үшін де құдіретіне бас иіп,

Құрметтейтін қасиетті ананы, - деп ақын ағаларымыз
жырлағандай келесі кезекті мектебіміздің әнші-бишілеріне
кезек берейік.

Келесі кезекте Әбдіш Ғалымжанды «Ана » әнімен ортаға шақырамыз.

1-жүргізуші:

Әркімнің де өмірден аласы бар,

Аласы бар адамның анасы бар.

Мерекесін құттықтап аналардың,

Өнерлерін жолдайтын ұлдары бар –

«Жас ұлан» әзілкештер тобын қарсы алыңыздар!

2-жүргізуші:

Ана барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы. Қазақ әйелінің дастарханы тоқ, қонағы ырза, дүниесі түгел.

Олар үшін бірінші орында отбасының берекесі тұрады. Бөбегін бесікке бөлеп, әлдилеп аялаған ана бақыт құшағында емес пе?!

Бір өзіннен бастап өмір жолдарын,

Жүрегіңе, жүрегімді жалғадым.

Өзің мына сыйға берген өмірде

Ақ сүтінді ақтап өту арманым.

Барша ана мерекеңіз құтты болсын!

1-жүргізуші:

Ананың көңілі балада,

Баланың көңілі далада.

Әрдайым болшы жанымда,

Көңілім сенсіз толама.

Хор «Ана»

2-жүргізуші:

Аналар сіздерге деген құрметіміз ешқашан сөнбейді. Бүгінгі кешіміз сіздерге деген құрметіміздің ұшқыны ғана. Әрдайым қуанышты жүздеріңізді көруге нәсіп етсін дей келе бүгінгі салтанатты кешімізді аяқтаймыз.

Қош сау болыңыздар!!!

Дайындаған: Б. Туреев